

Литература:

1. Гэйбл Э. Цифровая трансформация школьного образования. - М.: НИУ ВШЭ, 2019.
2. Сборник тезисов Международной конференции по передовым технологиям обучения C23 EdCrunch–Издательство Томского государственного университета, 2020.
3. OECD (2021), Стратегия развития компетенций ОЭСР в Казахстане, оценка и рекомендации, ОЭСР – Исследование компетенций взрослых, OECD, Paris
4. Сюрмен О.В., Касимова Г.М., Ефремцева Т.Н. Цифровая грамотность учителей в контексте непрерывного профессионального развития. Вестник Казахского национального женского педагогического университета. 2019.
5. Родной край – основа всех начинаний поколения молодых: Сборник материалов Межд.научн.-практ.конф. молодых ученых, магистрантов, студентов и учащихся. - Рудный. – 2021. - 592 с.

Арконова С.  
«Шәкәрім ат. гимназия» КММ, Қарағанды қ.  
Кожаева А.  
«№ 85 ЖББМ» КММ, Қарағанды қ.


### БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аннотация. Мақала биология сабақтарында функционалды сауаттылықтарын арттыруға бағытталған тапсырмаларды қолдану қарастырылған.

Кілт сөздер: биология сабағы, функционалды сауаттылық, шығармашылық тапсырмалар.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру әрбір оқу пәні контекстінде шешілуі мүмкін.

Функционалды сауаттылықтың негізгі дағдысы - оқу сауаттылығы. Қазіргі қоғамда ақпаратпен жұмыс істеу мүмкіндігі (ең алдымен оқу) сәттіліктің міндетті шарты болып табылады. Осылайша, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, функционалды сауаттылық - адамның, қоғамның сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті және өзгеретін жағдайларға тез бейімделу мүмкіндігі. Функционалды сауаттылықтың негізгі нысандары бар (1-сурет):



1-сурет. Функционалды сауаттылықтың негізгі нысандары

Функционалды сауаттылық - адамның сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау, тез бейімделу және онда жұмыс істеу қабілеті. Функционалды сауатты тұлға-бұл қоғамды түсінетін және әлеуметтік құндылықтармен, үміттермен және хоббилермен үйлесімді жұмыс істейтін адам.


Өз сабақтарымызда біз оқушылардың жеке ерекшеліктерін, уәждерін, танымдық қызығушылықтарын дамытуға, негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды қолдануға тырысамыз. Оқу процесінде функционалды сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмаларды қолдану тұлғаның жеке әлеуеті ашылатынына сенімдіміз.

Жұмыс тәжірибемізден бірнеше мысал келтіргіміз келеді.

**Тақырып: «Қарапайымдылар және біржасушалы жануарлар». 7 сынып.**

**Білу:**

1. 1.1 суретті қарастырып, қарапайымдыларды атаңыздар. Жалпы ұқсастықтығын анықтап, неге оларды бір патшалыққа жатқызатындығы туралы фактілерді келтіріңіздер



1.1 сурет


1 \_\_\_\_\_ 4 \_\_\_\_\_ Қорытынды \_\_\_\_\_  
 2 \_\_\_\_\_ 5 \_\_\_\_\_ \_\_\_\_\_  
 3 \_\_\_\_\_ 6 \_\_\_\_\_

**Түсіну:**

Неге ғалымдар жасыл эвгленаны өсімдіктерге де жануарларға да жатқызады?

**Қолдану:**

1. Суретті қолдана отырып, амеба мен эвгленаның құрылысын салыстырып зерттеңіз. Олардың ұқсастығы мен айырмашылығы неде?



1.2 сурет

**Анализ:**

Екі суретті қарастырыңыз. Осы организмдер арасында қандай байланыс бар екенін анықтап, салыстырыңыз. Кестені толтырыңыз:

Біржасушалы жануарлардың белгілері	Біржасушалы өсімдіктердің белгілері

**Синтез:**

Егер біздің ғаламшарымызда қарапайымдылар жоқ болып кетсе, не болар еді? Өзіңіздің гипотезаңызды ұсыныңыз. Бұл қандай салдарға әкеледі? Өз жауабыңызды негіздеңіз.

**Бағалау:**

1. Ұсынылған жасушалардың ішінен қай жасуша көп қызмет атқаратынын анықтаңыз:

- а) қарапайым ағзаның жасушасы.
- б) көпжасушалы ағза.

Өздеріңіздің дәлелдеріңізде ұсыныңыз:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

2. Тұщы су қарапайымдыларында жиырылғыш вакуольдер болмаса қандай қауіп төнер еді? Жауапты негіздеңіз?

**Жүрек - қантамырлар жүйесі аурулары.**

Жоғары қан қысымы бар пациенттердің едәуір бөлігінде дененің бұл жағдайы медициналық персоналдың қысымды өлшеуіне байланысты. Ол тіпті арнайы атау алды - "ақ халат гипертензиясы" немесе "ақ халат синдромы". Бұл жағдайда қысымның жоғарылауы ауруханаға бару стрессімен байланысты, ал үйде немесе денеге орналастырылған автоматты құрылғыны мезгіл-мезгіл бақылау арқылы өлшеу қысымның қалыпты екенін көрсетеді. Мұндай пациенттерде байланысты ауруларға сезімталдық тұрақты гипертониялық науқастарға қарағанда аз, бірақ қарапайым адамдарға қарағанда көп. Ерекше айтып кететін жайт, кейде адамның қысымы үнемі жоғары болып жүреді, бірақ ауруханада өлшеген кезде қан қысымы тұрақталады, бұл құбылыс «жасырылған немесе бүркемеленген гипертензиясы» деп аталады.

**1 сұрақ**

Дәрігерлер пациенттердің қан қысымына қалай әсер етеді?

**2 сұрақ**

Гипертонияға қандай сипаттамалар жатады?

- A) Қан қысымы жоғарлайды.
- B) Қан қысымы төмендейді
- C) Қан тамырларының люмені артады.
- D) Қан тамырларының люмені тарылады.

**3 сұрақ**

Белгілі болғандай, қалыпты жұмыс қан қысымы әр адамда өзіне тән жеке болады, бірақ орташа қысымның көрсеткіші - 120/80 с\мин.

Егер адамның қалыпты жұмыс қысымы 120/80 болса, онда төмендеген кезде келесі белгілер байқалады.

Бас аурады	Иә/Жоқ
Әлсіздік болады	Иә/Жоқ
Жұмыс қабілетілігі жоғарлайды	Иә/Жоқ
Зейіні артады	Иә/Жоқ
Ешқандай белгі байқалмайды	Иә/Жоқ


**4 сұрақ**

Стресс көптеген ауруларды, соның ішінде қан қысымының өзгеруін тудыратыны белгілі.

Қан қысымның өзгеруіне байланысты ауруларды табыңыз.

Инфаркт	Иә/Жоқ
Гипертония	Иә/Жоқ
Энурез	Иә/Жоқ
Гипертония	Иә/Жоқ
Гиподинамия	Иә/Жоқ
Гипертензия	Иә/Жоқ

Функционалдық сауаттылықты және әдеттегі стандартты сабақтардың салыстырмалы диаграммасын нәтижелілігі келесі көрінісі байқалды (1-сурет):



1-сурет. Салыстырмалы нәтижелері

Сабақта оқушы өзі зерттеуші, талдаушы, автор болады. Нәтижесінде оқушылар өзін-өзі тану жолымен алға жылжиды, қоршаған табиғатын жақсы түсіне бастайды. Сабақта оқушы мақсатқа қол жеткізіп қана қоймай, өзінің зияткерлік және шығармашылық әлеуетін барынша іске асыру керек.

Сабақ барысында шешілетін негізгі міндеттер:

- 1) Оқушылардың дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау;
- 2) Білімді, іскерлікті меңгеру;
- 3) Өмір бойы өз білімін толықтырып, дамыту қажет.

Әр мұғалім өз сабақтарында оқушының қажеттілігін ескере отырып қолданса біз мақсатқа жету арқылы міндеттерімізді орындаймыз. Оқушыларымыз кез келген қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық зерттеулерден жоғары нәтиже көрсететіндеріне нақты сенімдіміз.

Әдебиеттер:

1. Крупник, С.А. Функциональная грамотность / С.А. Крупник, В.В. Мацкевич.– М.: Педагогика, 2010.
2. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся старшей школы по предметам естественно-научного цикла. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 48 с.
3. «Қазақстан мектебі» ғылыми-педагогикалық журналы. - № 10, 2018.
4. «12 жылдық білім беру». Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-талдамалық журнал - № 2, 2018 ж.

**Асылбекова Б.Ш., Шауенова Г.А.**

**Жезқазған гуманитарлық колледжі, Жезқазған қ.**

## **БІЛІМ, ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАЙТА ЖАНДАНУЫ - ЖАҒАНДЫҚ ӨЗГЕРІС**

Аннотация: Аталмыш мақала оқыту жүйесіндегі ерекшеліктерді, қоғамдық салалардағы жаһанданумен байланысты өзгерістер аясындағы түрлі оқыту әдістерді қарастырады. Кәсіби білім беруде болашақ мамандардың заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеруі, теорияның ақпараттардың ішінен ең негізгісін, мәндісін сыни тұрғыдан ойлап, жан-жақты талдап таба білуі, өмірде пайдалануы, білім беру саласында қызмет етуге тиімді екені айтылған. Колледждегі қазіргі жағдайда қашықтықтан оқыту жүйесі, оқу-тәрбие үрдісі, тәжірибелер де қарастырылған.

Кілт сөздер: жаһандану, дуалды, креатив, инновация, кәсіби, вебинар.

Бүгінгі күні жаһандану үдерісі экономика мен саясатты ғана емес, мәдени-әлеуметтік саланы, білім мен ғылымды да қамтып отырғаны белгілі. Қазіргі әлеуметтік теориядағы жаһандану ең өзекті тақырыптардың қатарында тұр. Бұл тақырыпта ой қозғап, білімнің, ғылымның даму жолында үлес